


# BULANDY AQPARAT

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 8 (510)
27.02.2026

## Аудан әкімі А. Смайыловтың Алғыс айту күнімен құттықтауы

*Құрметті бұландылықтар!*

Елімізде тұратын әр ұлттың мәдени және рухани өмірі үшін татулық, келісім және жасампаз еңбек керек. Онсыз демократиялық түрлендірулер, мәдениет, алға басулар және экономикалық тұрақтылықты болуы мүмкін емес. Ал, бізде бұл құндылықтардың барлығы бар және біз оны мақтан тұтамыз. Біз әлемге саяси тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты үлгі етеміз. Бұл басты құндылығымыз. Осы орайда Алғыс айту Күнінің ел ішінде тұрақтылықты, ұлтаралық татулықты сақтауға қосар үлесі зор. Алғыс айту күні – күрделі заманды иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күні. Осы мейрам күні ауданымыздың барлық тұрғындарына алғыс білдіріп, жақсылық және амандық тілеймін.

## Уважаемые жители района!

Поздравляю вас с прекрасным праздником весны - с Днем Благодарности!

Этот день стал ярким праздником милосердия, дружбы, любви всех казахстанцев друг к другу. Дружба, доверие, солидарность и сплоченность стали привычными для каждого казахстанца, исторически признанными данностями. Пусть каждый из нас помнит о ценности добрых дел и о том, как важно быть благодарным за все хорошее в жизни!

Желаю каждому из вас счастья, здоровья и успехов во всех начинаниях, чтобы наши дни были наполнены радостью, а сердца – благодарностью за все, что мы имеем.

**Н. СЕКСЕНОВ, председатель районного маслихата.**

## Визит главы региона: новоселье, подведение итогов и задачи на перспективу

В минувшую пятницу аким Акмолинской области Марат Ахметжанов с рабочим визитом побывал в Буландынском районе. В рамках поездки глава региона принял участие в церемонии вручения ключей от новых квартир, побывал на производственном предприятии и обсудил ряд приоритетных задач на встрече с активов района.

В нашей области стало хорошей традицией вручать ключи от новых квартир для очередников, социально-уязвимых категорий, многодетных семей и детей-сирот.

Буквально в начале года ключи от новых квартир получили жители г.Косшы, Бурабайского, Сандыктауского и Зерендинского районов.

Эстафета новоселий продолжается и в минувшую пятницу радостное событие дошло и до Буландынского района.

В преддверии весны, в наступивший священный для мусульман месяц «Рамазан» комфортное жилье получили очередники, проживающие в ветхих домах с полувековой историей, признанные аварийными.

Как отметил глава Акмолинской области Марат Ахметжанов, с участием которого прошла церемония вручения ключей новоселам, в городе Макинске значительная часть жилищного фонда (более 2 тыс. ед.), эксплуатируется свыше 45 лет, в которых проживают около 5 тысяч горожан.

Поэтому строительство новых домов по программе реновации - это результат планомерной работы по ликвидации аварийного жилья в Буландынском районе. Как обозначил глава региона, шаг за шагом меняется облик городов, районов, ликвидируя ветхие постройки. Ведь обеспечение доступным жильем остается приоритетом работы государства, госорганов, активно сокращая очерёдность в жилье.



Марат Муратович также довел до сведения буландынцев, что в проекте Новой Конституции (ст.28) «Жилище неприкосновенно» (лишение жилища и выселение из него не допускаются иначе как по решению суда. Проникновение в жилище, осуществление его осмотра и обыска допускаются в случаях и в порядке, установленных законом). Там же указано, что в Республике Казахстан создаются условия для обеспечения ее граждан жильем (указанным в законе категориям граждан, нуждающихся в жилье, оно предоставляется в соответствии с установленными законом нормами).

В действительности, новые квадратные метры – не просто крыша над головой, это инвестиция в будущее и будущее детей. Все это претворяется в жизнь благодаря выверенной справедливой государственной политике и инициативам Главы государства.

Поздравив счастливых новоселов со знаменательным событием в их жизни, Марат Муратович пожелал, чтобы этот радостный и волнительный день, этот переезд, как и Новая Конституция, стали символом больших позитивных перемен в буландынских семьях.

Итак, 60 семей района из категории «дети-сироты», многодетным и жители аварийных домов, пострадавших от весенних паводков в прошлом году в этот день из рук акима Акмолинской области М. Ахметжанова получили долгожданные ключи и отметили новоселье.

Следует отметить, что два красивых многоэтажных дома на 120 квартир построены с учетом современных требований к качеству и комфорту жилья. Сегодня их можно назвать архитектурным достоянием здешней части города.

**(Продолжение на 2 стр.).**





## ӘР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН БЕЛСЕНДІЛІГІН ТАЛАП ЕТЕТІН ТАРИХИ ШЕШІМ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» атты Жалпыұлттық коалицияның мүшелері - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты Айна Мусралимова және Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, Көкшетау қаласындағы № 4 арнайы мектеп-интернатының директоры Алтын Мустафинова Бұланды ауданына жұмыс сапарымен келіп, аудан тұрғындарымен жаңа Конституцияның негізгі ерекшеліктерін талқылады.

Сапар барысында коалиция мүшелері аудан активімен, еңбек ұжымдарының өкілдерімен және жұртшылықпен кездесті. Ашық диалог алаңдарының бірі – Макинск жылуоқшаулағыш зауыты болды. Кездесу барысында депутат зауыт қызметкерлерімен




Конституцияның жаңа жобасының негізгі ережелерін талқылап, олардың сауалдарына жауап берді.

Өзара сұхбат барысында Айна Ермекқызы және Алтын Сексенбайқызы жаңа Конституция Әділетті Қазақстанның берік құқықтық негізін қалыптастыратынын атап өтіп, оның заң үстемдігін нығайтуға, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге және әрбір азаматтың өз әлеуетін жүзеге асырып, ел дамуына үлес қосуға жағдай жасауға бағытталғанына тоқталды.

Сонымен қатар, Ата Заңымыздың жаңа редакциясында Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының мәдени коды бар екенін атап көрсетті.

Аудан қонақтарының жұмыс сапары ТОО «ХПП Арна» өндірістік мекемесінде өз жалғасын тапты. Бұланды ауданында астық қабылдайтын ең ірі мекемелердің қатарында тұрған аталмыш кәсіпорынның ұжымымен кездесу барысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, алдағы референдумдағы азаматтардың рөлі және ұсынылып отырған конституциялық өзгерістердің ел болашағы үшін маңызы сөз болды.

Қараөзек жалпы білім беретін мектебі педагогикалық ұжымымен кездесу ашық та жағымды тұрғыда өз мәресіне жетті. Мұғалімдер талқылауға белсенді қатысып, Негізгі заң жобасы бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

**(Жалғасы 2 бетте).**





# АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

## Визит главы региона: новоселье, подведение итогов и задачи на перспективу

**(Продолжение, начало на 1 стр.).**

А весной планируется благоустройство прилегающей территории, дворов и детских площадок.

Буландынцы искренне радовались, поздравляли друг друга с импровизированной сцены, благодарили руководство страны и региона.

Программа реновации продолжится и в других районах области. В этом году более тысячи семей в городах и селах нашего региона станут обладателями новых благоустроенных квартир.

В ходе рабочей поездки в тот же день глава региона посетил Макинскую птицефабрику, где встретился с трудовым коллективом предприятия. Он проинформировал сотрудников о перспективах социально-экономического развития области, планах по строительству новых объектов и созданию дополнительных рабочих мест. Кроме того, руководитель региона разъяснил основные положения и значение предлагаемых изменений в Конституцию Казахстана.

Рабочий визит главы региона продолжился аппаратным совещанием в зале заседаний районного акимата с участием актива района. Глава района Ардак Смаилов информировал о подготовке к предстоящему паводковому периоду. Оперируя конкретными показателями, Ардак Дулатович довел до сведения главы региона и аудитории, что большинство запланированных противопаводковых мероприятий выполнено. В том числе проведён капитальный ремонт Прохоровско-Колоколовской плотины, ведётся подготовка к реконструкции Ивановской. На 2026 год из местного бюджета предусмотрены средства на вывоз снега, ликвидацию ЧС и проведение взрывных работ. К возможным чрезвычайным ситуациям готовы более 90 сотрудников, спецтехника, насосное оборудование, пункты временного размещения, запасы инертных материалов и ГСМ; на потенциально опасных участках организовано круглосуточное дежурство гидропостов.

В то же время, как сообщил руководитель управления по мобилизационной подготовке, территориальной и гражданской обороне Акмолинской области Марат Оспанов, Буландынский район остаётся в зоне высокого риска паводков.

На совещании также подвели итоги социально-экономического развития. По результатам 2025 года район продемонстрировал стабильный рост, обеспечив 13,8% объёма сельхозпроизводства области. Увеличены посевные площади масличных культур, вырос валовый сбор зерна. Существенный вклад в экономику вносят ТОО «Макинская птицефабрика» и ТОО «Бота». В 2026 году планируется завершить строительство рушально-веечного отделения, что повысит эффективность переработки масличных культур.

Вместе с тем глава региона указал на ряд проблем, имеющиеся в некоторых сферах экономики района, обозначив что все вопросы надо решать системно, своевременно и качественно, так как у Буландынского района имеются все очевидные предпосылки для дальнейшего развития и процветания.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

**Фото с официального сайта акимата Акмолинской области.**

## ӘР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН БЕЛСЕНДІЛІГІН ТАЛАП ЕТЕТІН ТАРИХИ ШЕШІМ



**(Жалғасы, басы 1 бетте).**

Спикерлердің айтуынша, жаңартылған Конституцияны қабылдау демократиялық институттарды нығайтуға, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуын кеңейтуге және билік органдарының қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға маңызды қадам болмақ.

Кездесулердің қорытындысында Жалпыұлттық коалиция мүшелері бұландылықтарды наурыз айында өтетін референдумға белсенді қатысып, азаматтық ұстаным танытуға және ел болашағын қалыптастыруға өз үлестерін қосуға шақырды.

Жұмыс сапары ашық әрі еркін форматта өтіп, аудан тұрғындары өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, Конституция жобасының негізгі бағыттары бойынша жан-жақты түсіндіру жұмыстарын алуға мүмкіндік берді.

Жаңа Конституцияны референдум арқылы қабылдау – ел бірлігін нығайтатын, қоғам сенімін арттыратын және демократиялық құндылықтарды тереңдететін қадам. Ең бастысы – әр азамат ұсынылған өзгерістерді мұқият зерделеп, саналы түрде таңдау жасауы. Себебі Конституция – бүгінгі ғана емес, болашақ ұрпақтың да тағдырын айқындайтын құжат.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



## Сыбайлас жемқорлық – ел болашағына қауіп

«Қазақстан-2050» стратегиясында сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін құбылыс қатарына қойылып, мемлекет пен қоғамды онымен күреске жұмылдыру көзделген.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқа да шаралар қолданылуда. Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған мезеттен бастап сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы заңын қабылдады. Кейіннен бұл саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіру барысында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияларын және басқа да жалпы жұртта халықаралық актілерді ратификациялап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіләлемдік қоғамдастықтың тең мүшесіне айналды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Бұл ретте, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда көрсетілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды. «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса; төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

**Д. НАУКЕНОВА, Бұланды аудандық сотының төрағасы.**

## Стартовал месячник противопаводковых мероприятий

С 15 февраля по 15 марта проводится месячник противопаводковых мероприятий, направленный на предупреждение чрезвычайных ситуаций в период весеннего таяния снега и подъема уровня воды в реках. Данный период является одним из наиболее ответственных этапов подготовки к паводковому сезону, когда своевременные профилактические меры позволяют снизить риск подтопления населённых пунктов, объектов инфраструктуры и сельскохозяйственных угодий.

Основной целью месячника является обеспечение безопасности населения, минимизация возможного материального ущерба и повышение готовности служб к оперативному реагированию на возможные угрозы. В рамках проводимых мероприятий организуется комплексная работа по очистке водопропускных сооружений, арыков, ливневых канализаций и придорожных кюветов от снега, наледи и мусора. Особое внимание уделяется вывозу снега с территорий, расположенных вблизи жилых домов и социально значимых объектов.

Важным направлением работы становится проверка готовности сил и средств экстренных служб. Проводится осмотр специальной техники, инвентаря, насосного оборудования, а также уточнение планов действий на случай подтоплений. Специалисты осуществляют мониторинг уровня снега, состояния гидротехнических сооружений и водоемов, определяя участки с повышенным риском образования паводков.

Кроме того, в период месячника усиливается информационно-разъяснительная работа с населением. Жителям напоминают о необходимости своевременно очищать дворовые территории от снега, не складировать его вблизи домов и проездов, а также обеспечивать свободный проход талых вод. Такие меры играют важную роль в снижении вероятности подтопления частных домовладений.

Проведение противопаводкового месячника позволяет заблаговременно подготовиться к весеннему периоду, скоординировать действия всех задействованных служб и повысить уровень безопасности. Своевременное выполнение профилактических мероприятий является залогом стабильного прохождения паводкового сезона и сохранности жизни, здоровья и имущества граждан.

**ОЧС Буландынского района.**

### Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру туралы

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқығы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.**

### О проверке включения в список граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме

Гражданин Республики Казахстан, достигший на день голосования 18-летнего возраста, имеет право участвовать в республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года.

Списки составляются акиматами на основании вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. При отсутствии постоянной регистрации Вы вправе зарегистрироваться в качестве голосующего в соответствующем местном исполнительном органе с момента назначения референдума. Участки для голосования создаются решениями соответствующих акимов и их границы публикуются в средствах массовой информации.

С 27 февраля 2026 года на своём участке вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме.

Важен голос каждого из нас!

**Центральная комиссия референдума Республики Казахстан.**

## ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2025 жыл қызмет қорытындылары туралы

2025 жыл қорытындылары бойынша Департамент 93 аудиторлық іс- шара жүргізді, соның нәтижесінде қаржылық есептілік аудитін және мемлекеттік сатып алуларды есепке ала отырып, жалпы сомасы 192 млрд. 539 млн теңге болатын бұзушылықтар анықталды, оның ішінде: 3 млрд. 309 млн теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар; 189 млрд. 234 млн теңге сомасында рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар; Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу 1 млрд. 924 млн теңгеге.

Бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасынан жалпы сомасы 3 млрд. 309 млн. теңге қалпына келтіруге, есепке алуға және бюджетке өтеуге жатады, оның ішінде 1 млрд. 851 млн. теңге немесе 55,9% сомасында бұзушылықтар жойылды.

Есептік кезеңдегі аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша тексерілетін субъектілерге бұзушылықтарды жою бойынша 83 нұсқау жолданды (бүгінгі таңда олардың 55-і орындалды).

Жол берілген бұзушылықтар үшін 73 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 605 хаттама жасалып, жалпы сомасы 54 млн теңге айыппұл салынып толығымен бюджетке өтелді.

## Об итогах деятельности Департамента внутреннего государственного аудита по Акмолинской области КВГА МФ РК за 2025 год

За 2025 год Департаментом проведено 93 аудиторских мероприятий, по результатам которых установлено нарушений с учетом аудита финансовой отчетности и государственных закупок на общую сумму 192 млрд.539 млн тенге, в том числе: финансовых нарушений на сумму 3 млрд. 309 млн тенге; нарушений процедурного характера на сумму 189 млрд.234 млн тенге; нарушений законодательства РК о государственных закупках на 1 млрд. 851 млн тенге.

В соответствии с требованиями бюджетного законодательства из общей суммы установленных финансовых нарушений подлежит восстановлению, отражению по учету и возмещению в бюджет всего – 3 млрд. 309 млн. тенге, из которых устранено нарушений на сумму 1 млрд.851 млн. тенге или 55,9%.

По результатам аудиторских мероприятий за отчетный период объектам аудита направлено 83 предписаний на устранение нарушений (к настоящему времени исполнено 55 из них).

К дисциплинарной ответственности за допущенные нарушения привлечены 73 должностных лица, составлено 605 протоколов об административных правонарушениях с общей суммой штрафа в размере 54 млн тенге, которые полностью возмещены в доход бюджета.

# ЕЛ ҮМІТІН ЕР АҚТАР, ЕР АТАҒЫН ЕЛ САҚТАР

## Жеңіс – маңдай тер, тынымсыз еңбек

Жапондардың Дзяю-дзюцу күресіне негізделіп жасалған Самбо күресі XX ғасырдың басында Ресейде пайда болды. Самбо сөзінің мағынасы өзін-өзі қорғаудың қарулы жүйесі деген мағынаны білдіреді. Қазіргі таңда Самбо күресінің аясы кеңейіп, қанатын кеңге жайып келеді. Ауданымыздың өзінде Самбо спортынан арнайы үйірме, мектеп болмаса да талантты жастар өз беттерімен ізденіп, дайындалып үлкен жетістіктерге жетіп жүр. Солардың бірі Еркебұлан Дәулетбек. Семей жерінде өткен Қазақстан Республикасының кубогында жүлделі 2 орын иегері атанып төбемізді көкке жеткізген еді. Ал, жақында Қарағанды қаласында спорттық және жауынгерлік самбодан өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында ересектер арасында Еркебұлан Дәулетбек тағы да 2-орыннан көрініп, мерейімізді үстем етті. Еркебұлан 2023 жылы Ақтау қаласында өткен республикалық жарыста 1-орын иеленіп жауынгерлік самбодан спорт шебері атанған болатын. Содан бері республикалық жарыстарда жеңіс тұғырынан түспей келеді. Еркебұлан ауданымызда қазақ күресінен жаттықтырушы болып қызмет етеді. Қазақ күресінен де спорт шебері, республикалық жарыстардың жеңімпазы.

Ауданымызда арнайы Самбо үйірмесі болмаса да Еркебұланның өз ізденісімен, талпынысымен жеткен жетістігі көңілге қуаныш ұялатады. Биік белестерді бағындырып, құзар шыңдарға көз тіккен осындай жастарға, оларды тастүлектей түлетер спортқа үлкен қолдау керек-ақ.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**











## Қыстау-Қарағай ауылының тарихы

Табиғаттың жұмақтай бір пұшпағына сыйып тұрған 80 үйлі ауыл Қыстау-Қарағай аталған. Қайыңды-қарағайлы қалың орман қоршаған. Түстігінде иірім-иірім қырат, маңайды көркейте түседі. Етегінде сарқырап аққан қарасу өзені, қамыс құрағы мен құс біткенге пана, ұрпағын өсіруге қолайлы. Сырттан келе жатып Үштау қыратына шықсаң, ауыл алақандағыдай болады. Ауылдың бойтұмарындай алыстан көрінетін төбесі көк тіреген, екі-үш құлаш жуан зәулім қарағай нақ ортада өсіп тұратын. Көшелері қатар-қатар қала тәрізді. Үйлері сом қарағайдан салынған бір келкі. Ауыл екіге бөлініп орналасқан. Ортасын биік өскен тал бөліп жартылай қорған болап жататын. Осы ауылда Атығай руынан шыққан Елтоқ-Көкі аталарымның ұрпақтары тұратын. Елтоқтан – Алшағыр, Байшағыр, Шағалақ туады. Байшағыр бөлініп Қараөзек ауылын құраса, Алшағыр, Шағалақ Қыстау-Қарағайда қоныс тепкен. Екіге бөлінгендіктен екі ауыл сияқты көрінетін.

Аты айтып тұрғандай Қыстау-Қарағай атауы ел жазда Қандықарағай жайлауына көшіп қыс түсе қыстаққа келеді екен. Ал, менің ес білген кезімде ауыл алысқа бармай-ақ Мәйдәөлең жазығына киіз үйлерін тігіп, өзен бойында жаздай малын бағып, шөбін шауып отыратын. Әр үйдің алдында қазылған жерошақта қазаны қайнап, самауырыны бұрқырап тұратын. Желіге байланған құлындар шыбындап, тықыр құйрығымен сонадан қорғанып шыбындап дамыл көрмейтін. Үй ішінде күмпілдеген піспенің дауысы естіліп, балдай тәтті қымыздың иісі мұрынды жарушы еді. Таңертең сауыны бар үйлерді аралап қымыз ішу дәстүр болатын. Ешкім реніш білдірмейтін. Күндіз ауыл үстінде тыныштық орнап, кешке өрістен мал қайтқан уақытта ауыл іші у-шуға толатын. Ұзын құрығын сүйреткен жылқышы кешқұрым ағытылған сауын биелерін өріске айдап, түні бойы күзететін.

Қыстау-Қарағай ауылының басқа ауылдарға қарағанда орыны бөлек болды. Өйткені ауылдық кеңестің кеңсесі осы ауылда болды да Еркіндік, Қараөзек ауылдары осында қарады. Еркіндік, Қараөзек ауылдарында бала дүниеге келсе Қыстау-Қарағайға келіп куәлік алатын. Сондай-ақ елге салынған салықты жинау да ауылдық кеңестің міндеті болған.

Осы ауылда еңсесі биік, кең сарайдай ұзыннан ұзақ салынған жеті жылдық мектеп болды. Макин ауданына қарасты Еркіндік, Мат, Ортақшыл, Қызылбидай, Ұлтуған ауылдарының балалары өз ауылдарында төрт сыныптық мектепті бітірген соң осы Қыстау-Қарағай жеті жылдық мектебіне келіп, әр үй сайын пәтерге тұрып оқыды. Ол уақытта пәтер ақы деген болған жоқ. Тек балалардың ата-аналары ай сайын келіп бір айлық азықтарын әкелетін. Соның арқасында оқу жылы басталысымен Қыстау-Қарағайдың сырт ауылдармен ара-қатынасы жиілейтін. Сырттан келген балалар ауыл ішін толтырып жіберетін еді. Сабақ арасы үзіліске шыққан балалар кең мектеп алаңына сыймай кететін. Мектеп іргедегі Қызылдың (ағаштың) қойнауына салынған, әдемі әсер болатын. Сәнді киінген оқушылар табиғатпен үндесіп, ерекше көрінетін еді. Қыз балалар соғысқа дейін әшекейлі оқа, күміс тағып, камзол, үкілі тақия, биік өкше кебіс киетін. Шаштарына байлаған ұзын шолпылары сыңғыр қағып тұратын. Ер балалар ақ көйлек киіп, белін шашақты жібек белбеумен буынып, етік киетін еді. Осы ауыл ертеден мәдениетті өскен ауыл болатын. Қыстау-Қарағай ойын-сауықтың ауылы атанды. Қолына домбыра ұстап ән салмайтын бірде бір ұл-қыздары болған жоқ. Домбыра тартуға үйрететін күйшілері болды. Қожахметов Ермағамбет, Көшербай, Шоқай жақсы күйшілер болған. Әншілері бір төбе. Бағысұлы Балақай қоңыр дауысымен қырғыз әндерін айтқанда ел тына қалатын. Бозаев Әйткен домбырада ән шырқады. Руы үйсін Сағымбаев Рамазан Балуан Шолақ атамның өлеңдерін айтамын деп жұрт жинала қалғанда ән салатын. Солардан үйренген Кенжебек өте жақсы күй тартатын еді. Мектеп қабырғасында өнерпаздар үйірмесі болып оқушылар аудандық өнерпаздар байқауында алдыңғы орындарға ие болатын. Көшербаева Камал деген қыз аудандық байқауда «қарттарға» өлеңін айтып облыстық байқауға жолдама алды. Облыс орталығы Көкшетау еді. Бірақ Көкшетауға барып келу Мәскеуге барғанмен тең болатын. Қазіргідей автокөлік, поездар болмады. Тек бір поезд Макин станциясы арқылы айналма жолмен баратын. Камал поезбен бір жұма жүріп Көкшетауға барып қайтқан. Жүлделі орын алған оған мол сыйлық беріп қайтарған болатын. Аудандық өнерпаздар байқауы әсіресе қыстың күні Возносенкада өтетін. Мектеп оқушыларын аудан орталығы Возносенкаға жеткізу үшін колхоздан өгіз сұрап алып, шанаға оншақты өнерпазды отырғызып алып баратын. Жылда біздің мектеп жүлделі орын алып отырды. Өйткені сыртқы ауылдардан келген балалардың іштерінде де өнерлілері болды. Айта берсек ел ішінде өнерлі адамдар бар еді. Жауырыны жерге тимеген балуан Уәлиді жас кезінде Балуан Шолақ ертіп жүріпті. Той, думандарда жайлауға шыққанда күрестіреді екен. Ел Қандықарағай жайлауына көшкенде алыдмен Ортақшыл өңірін мекендеген менің туған нағашым Алпыс деген кісі елден бұрын көшіп барады екен. Ол кісі өте бай болапты. Көшіп келген ауылдарға жыл сайын ерулік беріп бәйге, балуан, күрес жасайды екен.

Омбыда оқып жүрген кездерінде жазғы демалыс кездерінде Сәкен Сейфуллин мен менің әкемнің ағасы Кәшә екеуі келіп қымыз ішіп, серуендеп қайтады екен. Ол кезде ел есік алдына жерошақ қазып, қара қазанға ас дайындайтын кез. Бір әйел ошақ басында ас дайындау үстінде Майлыаяқ ит ыдыстарын бір жағынан жалап жатса керек сонда Сәкен қолма қол өлең шығарып:

«От жақса жаман қатын тұмандатар,
Құманы бір жағында құлап жатар.
Еш нәрседен хабарсыз күймеңдеуде,
Майлы аяқ ыдыстарын жалап жатар»

депті.

Оқу бітіп Кәшә прокурорлық қызметте жүргенде Қандықарғай жәрмеңкесіне барады. Ол кезде сондай адамдардың қасында жақсы адамдар жүреді екен. Бір сыншы сатуға әкелген жылқының ішінен бір жабайы атқа көзі түсіп Кәшәға айтады: «Мына көзге қораш жылқы алдына мал салмайтын жүйрік екен» деп. «Олай болса мен оны еніме сатып алып берейін» деп Кәшә әлгі жылқыны сатып алады. Әлгі сыншы тағы да: «Бәйгеге қосқанда бірден тізгінді жібермей тартып, топтың артында отыру керек. Әбден денесі қызғанда мәре көрінгенде тізгінді жіберсе бірінші келеді» дейді. Айтқанындай Ақбақай ат бәйгенің алдын бермепті. Бір күні бәйгеден келген атты әкем суытып есік алдындағы ашаға байлап қояды. Ауылда маңдайында үлкен меңі бар Мәлике атты кемпір болатын. Сол кемпір «Е, мынау тағы бәйге алып келген ғой суып тұр» депті. Таңмен әкем атты жемге қояйын деп шықса ат өліп жатыр екен. «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген бар ғой. Маған да тілі тигені бар еді. Бір күні әкемнің мылтығын алып ағаштың сыртындағы жылқы тебіндейтін жерге қарай беттедім. Өйткені қысты күні жылқы тебіндеген жерде түлкі көп жүреді. Құлын тастаған биелердің құлындарын жеп жүреді. Ақырын жақындасам екі түлкі бірдеңені таласа жеп жатыр екен. Таса-таса жермен жақындап келіп атқанымда біреуі қашып кетті де екіншісі орынынан қозғалған жоқ. Тағы да атпақ болып жақындап едім мойынына тиген екен. Иығыма салып алып есіктің алыдына келе бергенімде Мәлике кемпір алдымнан шығып «Е, түлкі атып алыпсың ғой» деді. Содан бастап менің атқан оғым аңға дарымай қойды.

Қыстау-Қарағай ауылының тағы бір өнер иесі, Сағалбай атты кісі Балуан Шолақтың атқосшысы болыпты. Қамшыгер адам екен. Қамшымен бір тартқанда қасқырды қалпақтай түсіреді екен. Балуан Шолақ біздің әулетке құда. Шолақтың кенже баласы Құдайберген Пшембай атамыздың қызы Орынханды алған. Олардан бір ұл Етекпай және бір қыз Манат дүниеге келген. Құдайберген әкесі қайтыс болғаннан кейін қайын атасының қолына кірген. Балуан Шолақ тірі кезінде құдаларына жиі қатынап тұратын. Осы ауылға келгенде бір серуендеп аңға шығып қайтады екен. Ол кезде қасқырды атпен қуып жетіп ұрып алады екен.

Құдайберген қайын атасының үйі ескіріп қирай бастаған соң басқа үйге көшкен. Бір күні Етекпай екеуміз ескі үйде асық іздеп тақтайларын қопардық. Бір ат қамшы ескіріп қалпты, шіри бастапты, таспасы тез тарқатылды. Сегіз өрім таспа ішінен жуандығы бармақтай қорғасын шықты. Таспамен өрілген бойы тұтас қорғасын. Қамшыны Құдайбергенге көрсеткенде «бұл менің әкемнің қамшысы» деген еді. Сонда Сағалбайдың қамшысында да қорғасын болған сияқты. Қыстау-Қарағай ауылында басқа да аты шыққан адамдар болды. Кемел атты аңшы зырлап бара жатқан қоянды ши мылтықтың жалғыз оғымен атып түсіретін. Қасқырға қақпан құрып ұстап, бір күні қасқырды тірідлей ауылға шанаға салып келгенін көрдім.

Бір аңыз Алшағыр әулетіне байланысты. Батау атты бір кісі өте күшті болыпты. Бір күні орманға отын алуға барса қарсы алдынан аю шығыпты. Қашқанымен құтыла алмайтынын білген Батау аюмен алыса кетеді. Белбеуден кездігін алып аюдың қолынан осып жібереді. Жаралы аю ақырып өз жөнімен кетеді. Батау атамызға кісі өлімі жабылып елден қашып шығады. Барған жері Бурабай ауданының Қатаркөл елді мекенінде бой тасалап жүреді. Елге енді бара алмайтынын білген соң сол жерде орыс әйеліне үйленеді. Аңыз бойынша Қатаркөлдің адамдары Батау атамыздың ұрпақтары болса керек. Шындыққа жатар жағыдайлар бар. Батаудың орыс ұрпағы Қыстау-Қарағайдағы туыстары Ахметжан, Хамиттердің үйіне келіп кетіп жүретін.

Батаудың туысы Рысбек деген кісі бір жылы үшті күйлі жоқ болып шығады. Туыстары қайдан іздерін білмейді. Келесі жылы елге оралған ол қайда болдың дегенде: «мен жер астында оқу оқыдым» депті. Ол оқуы ағып жатқан өзенді теріс ағыза алатын дұғалар екен. Рысбектің інісі Ыдырыс бақсылық жасап, науқас адамдарды емдеп жүрді. Сол кісі колхозда жазғы егін салу науқанында трактор бригадасына жанар-жағар май тасыды. Пар өгіз жеккен ұзын арбаға 200 литрлік екі бөшкені артып Макин қаласындағы нефтебазадан жанармай тасыды. 15 шақырым жердегі қаладан арбамен жанармай тасып, ол ауыр бөшкелерді өзі жалғыз түсіріп жүретін. Бүкіл ауылды аяқ киіммен қамтамасыз еткен еткішілер: Молдахан, Әлің деген кісілер еді. Ал, Шәрилә атты тігінші қой терісін илеп тон тігіп беретін.

Соғыс кезінде елдің ең керек қаражатын ашқан Шәйкен деген кісі. Ол тастан қашап қол диірмен жасап әр үйдің адамына бидайын ұн қылып тартып қара көже ішулеріне көмектесті. Ағаш шеберлері әкелі-балалы Ермағанбет пен Мәнжит ат шана, қамыт сайман жасады. Ыдырыс ертоқым, жүгендерді күміс қадап әшекейлеп ұстайтын.

(Жалғасы бар).

**Е. ҚАРАТАЙҰЛЫНЫҢ**
**қолжазбаларынан.**

# ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ПРОФЕССОР, КОМИССАР ШӘРӘПИ ӘЛЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ

## ҚАНДЫ ҚЫРҒЫННЫҢ ҚҰРБАНЫ




Қазақтан шыққан тұңғыш профессор, комиссар Шәрапи Әлжанов бізге ұлы нағашы болып келеді. Олай дейтінім Шәрапи Әлжанов менің анамның анасы Жамалдың туған інісі. Жамалдан менің анам Әмина (Көжек) және Темірбай туады.

Темірбай нағашым Шәрапиді Жөкей көлінің жағасында дүниеге келген деп отыратын. Олай айтатын себебі сол заманда патшаның отарлау саясатын жүзеге асырушы жазалаушы отрядтары Қожағұл би Бертісұлын ағайындарымен еріксіз көшіріп жібереді де, олар Ақсары Керейлер мекендеп отырған Жөкей көлі мен Мамай көлінің жағалауына қоныстанады. Жасынан Шәрапидің алғырлығын байқаған атасы Әлжан Қотыркөл, Шучинск қаласына оқуға береді. Одан кейін совет партия мектебін бітірген Шәрапиді 1919 жылы Алтай губерниясында аз ұлттардан құралып жатқан әскери бөлімге жібереді. 1920 жылы Бийск қаласында құрылған бірінші қазақ атты әскерлер полкінің эскадронында әскери комиссар болып тағайындалып полкті басқарады. 1921-22 жылдары ол басқарған полк Батыс Қазақстандағы Орал губерниясын Кеңес үкіметіне қарсы соғысып жүрген ақ бандылардан тазартады. Сонымен қатар ол басқарған полк батыстан шығысқа, Қытайға қосылу үшін шегініп келе жатқан Колчактың әскеріне қарсы ұрысқа қатысты делінетін.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін де екі тілге жетік, білімді Шәрапи Ақмола уездік милиция бастығы т. б. қызметтерді атқарады. 1925 жылы Орынбордағы әскери мектепте сабақ береді. Сол жылы Москвадағы жоғарғы әскери курста оқиды. 1932 жылы педагогикалық институттың аспирантурасын бітіріп доцент, кейін профессор болып ұстаздық қызмет атқара жүріп әдістемелік кітаптар мен ғылым мен мәдениетке арнаған құнды еңбектер жазады.

Нағашым Темірбайдың айтуынша Шәрапи 1937 жылы Москвадан Алматыға келе жатып Шоқы ауылындағы туыстарына жолшыбай соққан екен, сонда екі ағасы «қазір заман бүлініп тұр, біз мына «севкрайға» кетейін деп отырмыз, сен де бізбен бірге жүр, Алматыдағы жанұяңды кейін бірдеңе қылып көшіріп аламыз»-дегенде Шәрапи-«мен кеңес үкіметін өз қолыммен құрыстым, қаншама еңбек еттім, менің еңбегімді үкімет біледі»-деп көнбепті. Содан Алматыға барған күні үйіне де қондырмастан «үштік» ұстап алып кеткен екен. Шәрапидің НКВД-нің қаһарына ілігуіне кезінде өзі де қудалауға ұшырап жұмыссыз жүрген әйгілі жазушы Сәбит Мұқановты өзі қызмет атқарып жүрген институтқа қабылдауы да әсер еткен көрінеді.

Шәрапи ұсталып кеткеннен кейін белсенділер апасы Жамал мен жиені Темірбайға күн көрсетпейді. Шәрапидің жесір қалған Жамал апасы мен 9 жастағы ұлы Темірбайды Құдықағаш ауылының шығысындағы Қарагерде колхоздың 90 өгізін бақтырады. Ауылдан жырақта, айдалада екеуден екеу түнде қасқырлар ұлығанда жанған ағаштың шаласымен жерді сабалап, қосты айнала жүгіріп таң атыратынбыз. Өгіздерді құдықтан тартып суарып, шөпті тасып беретінбіз деп Темірбай нағашым айтып отыратын. Үстімізде жібі түзу киім жоқ, не тойып ішетін тамақ, нан да жоқ, 10 күнге 5 кг қара сұлы береді, сол қара сұлыны қайнатып, кептіріп, түйіп дәнінен айырып содан кейін ғана қара көже қайнатып күндерін көреді. Ала жаздай дала қосында мал бағып күзде жер қатқасын үйге келіп жаздай күтім көрмей сылағы түскен үйдің тесіктерін бітеп жатқанда бригадир Рақымбек келіп ұжымшар кеңсесіне басқарма шақырып жатыр деген соң бардық. Кіре басқарма бізге әйшәй жоқ дүрсе қоя беріп-»екеуің Қарагерге қайтадан өгіз бағуға барасыңдар»-деді, анам-ала жаздай айдалада ел шетін көрместен мал бақтық, тым құрығанда мен үйде қалайыншы-дегенде басқарма-барсаң да барасың, бармасаң да барасың, бандының тұқымы-деп жесір ана мен жетім баланы басынғандығы сондай, сол жерде тұрған жұрттың көзінше анамды құйрығынан бір теуіп қуып шықты, содан жылай-жылай Қарагерге қайтадан мал бағуға кете бардық-деп еске алып отыратын. Міне, бүкіл саналы өмірі мен күш-жігерін, білімін елі үшін аянбай еңбек еткен профессор, комиссар Шәрапи Әлжановтың туыстарына білімсіз шолақ белсенділер осындай зәбір көрсеткен.

Міне, елге, Отанға адал қызмет еткен Шәрапи Әлжанов 36 жасында нақақтан жабылған жаламен сотталып, Сталиндік репрессияның құрбаны болып кетті. Артынан туыстары Алматының түрмелерін аралап таба алмаған соң әрі қудалаудан сескеніп бірнеше қалаға көшіп (Семей, Қарағанды, Омбы) ақыры жұбайы төркіні Ақтөбе қаласына барып тұрақтапты. 1957 жылы Темірбай нағашым анасы Жамалмен іздеп барып қауышқанбыз деп отыратын.

Қазақтан шыққан профессор, комиссар Шәрапи Әлжановтың өмірі қысқа болса да артына білімге, ғылымға, мәдениетке мол мұра қалдырды, енді сол еңбектерін жинақтап жарыққа шығарса кейінгі өскелең ұрпақ үшін игілікті іс болар еді.

Қазақтың алғашқы жоғары оқу орны, педагогикалық институттың іргетасын қалаған, доцент, профессор, ұлттың мақтанышы, Алаштың асыл ұлдарының бірегейі, тұңғыш педагог- ғалым менің аяулы нағашым, Шәрәпи Әлжанов, қанды қол Сталин басшылық еткен коммунистік партия ұйымдастырған қанды қырғынның құрбаны болғаны қандай өкінішті?!

**А. БЕЙСЕКЕЕВ, Шәрәпидің жиеншары, Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі.**

### ӘЛЖАННЫҢ ШАРАПИІ АСЫЛ АРЫС

Ауыл бар Көкшетауда Сәуле деген,
Пейілді Сәуле десе, кеңге берем.
Сәуледен шыққан асыл арыстарым,
Көмбесін тарихымның сәулелеген.

Төгілер домбырадан дара күйім,
Зұлматты жылдар сонау ала құйын.
Сәуледен сәуле шашып түлеп ұшқан,
Әлжаннан асып туған Шарапиім.

Туыпты Бекшебайдың қыстауында,
Ақсары болысының іш жағында.
Алашын таңырқатқан әр ісіне,
Арғымақ аламанға қосқанында.

Өзі екен ел бағына туған ұлдың,
Түгендеп өнегесін нұр жамылдым.
Жасынан ілім-білім жолын қуған,
Қуандым дабысына дүр дарынның.

Білімге құштарлығын танытыпты,
Қазақтың қасіреті налытыпты.
Жастарды біріктірген «Бірлік» ұйым,
Намысын алдаспандай жанытыпты.

Ел десе, Едігедей еңірепті,
Жүріпті жарық қылып төңіректі.
Қараңғы қазағына сәуле шашып,
«Балапан» журналымен білім екті.

Самғады санасында Алаш әні,
Зарлы ақын Мағжанға да жанасады.
Қолдайды «Алаштың» ол партиясын,
Алаштың әскерімен таң асады.

Оқиды одан кейін Мәскеуде де,
Тағылым толтырады жас кеудеге.
Астана Қызылорда қаласында,
Атақты қызмет етті кеңселерде.

Ағарту институтын басқарады,
Ғылыми ғибратымен тас жарады.
Сейфуллин, Жүргеновпен әріптес боп,
Жетеді биіктерге асқаралы.

Білімнің қамқоршысы ел іздеген,
Әйгілі ҚазПИ-імді негіздеген.
Қазақтың таңғажайып тіл байлығын,
Зерделеп, салыстырды теңізбенен.

Асыл ер ұлт мектебін ұлықтаған,
Қиянат қайдан келер?
Біліп пе адам!
Зұлматтың сталиндік кесірінен
Келтірген қанды кесел шірік қоғам.

Ардағың әр ісіне жан жылынған,
Шарапи сол зұлматта болды құрбан.
Қазағы қалдырмайды дұғасынан,
Көкшетау қалдырмайды ән-жырынан.

Орнатты Біржан елі құлпытасын,
Еліңнің мәңгі-бақи жадындасың.
Рухың Жаңалықтың жусанынан,
Алаштың аспанына шарықтасын.

**Қ. АМАНЖОЛ,**
**ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.**
**23.01.2026 ж.**

## Әлжановтану ілімі жалғасуы тиіс

Шәрапи Әлжанов – ұлт тарихында қалған тұңғыштардың бірі. Ғылымның педагогика саласын тұңғыш кәсіби негіздеген оның еңбегі қазақ тарихында еш талас туғызбайды. Өйткені қазақ ғылымының қайнар бастауы болған өткен ғасырдың алғашқы ширегінде Шәрапи Есмұхаммедұлы осы саланың қалыптасуына өлшеусіз зор еңбек сіңірді. Небары отыз жеті жыл ғұмыр кешкен оның педагогика ғылымына қосқан үлесі мән-мағынасы жағынан әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Қазір айтылып жүрген мәселелерді ол бұдан бір ғасыр бұрын айтып, проблема ретінде көтергенін архив сөресіндегі шаң басқан тарихи құжаттар айғақтайды.

Ол – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарихында педагогика кафедрасының тұңғыш меңгерушісі және педагогика факультетінің тұңғыш деканы. Бұл деректің архив қорынан әлі шықпай жатқанын ескерсек, Әлжановтану ғылымының жан-жақты зерттелмей жатқанын жасыра алмаймыз.

Қазақ педагогика ғылымы көрнекті өкілінің туғанына 125 жыл толуына орай Алматы қаласындағы Абай атындағы ҚазҰПУ базасында өткен «Профессор Шәрапи Әлжанов және ҚазҰПУ» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияның маңызын жоғары бағалауға болады. Себебі жазықсыз жалалы болған боздақтардың есімін елдің есінде қалдырып, ұрпаққа ұлықтау үшін «Шәрапидің ізімен» жобасының авторы Мұрат қажы Ыбырысұлы бастаған топ ауқымды қызмет атқарып жүр. Әуелі Алматы облысының Жаңалық ауылындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының мүрдесі көмілген жерден Шәрапи Әлжановтың рухына мемориалдық құлпытас-тақта орнатылды. Оның ашылуына ҚазҰПУ өкілдері, архив саласының мамандары, әр өңірден келген ғалымдар мен зерттеушілер және ұрпақтары қатысты. Ғалымның рухына құран бағышталды.

Ал, университет базасында өткен конференцияға қатысушылар оның мұрасын зерттеушілер, ғалымдар мен ізденушілер жасаған баяндамаларды тыңдады. Қазақ педагогика ғылымының көрнекті өкілі, бүгінгі Абай университетінің қалыптасу тарихында елеулі орны бар тұлға, саяси қуғын-сүргін құрбаны, профессор Шәрапи Әлжановтың ағартушылық мұрасы мен ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуындағы ролі жан-жақты талқылап, терең зерттеуге лайық.




Жиынды ашқан университеттің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Жақау конференцияның ұлттық ғылымның дамуы мен жас зерттеушілердің ғылыми ізденістеріне жаңа серпін беретін маңызды қадам екенін атап көрсетті. Ұлттық педагогика саласының көрнекті өкілінің ғылыми-педагогикалық мұрасы, қазақ білім беру жүйесінің қалыптасуындағы орны мен ұлттық мектептің дамуына қосқан үлесін насихаттау мақсатында ҚазҰПУ тарапынан жүзеге асуы тиіс жоба-ұсыныстар да айтылды.

Ақмола облысы Біржан сал ауданының Құрметті азаматы, «Шәрапидің ізімен» жобасының авторы Мұрат Ыдырысұлы ғалымның туған жеріне байланысты деректер мен оның есімін есте қалдыруға байланысты туған жерінде атқарылған істерге тоқталды.

Педагогика ғылымдарының докторы Рымшаш Кәмешқызы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві директорының орынбасары Мәрзия Жылысбаева мен республика Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Нұрғалиева архивтегі Ш. Әлжановке қатысты қорларды жан-жақты зерттеп, насихаттау, ұлттық мұраны сақтау мен зерттеудің маңызы жөнінде сөйледі.

Ал, PhD докторант Ертай Біләл қайраткер Әлжанов пен оның ағартушылық қызметі жөнінде мазмұнды сараласа, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Дәулет Әбенов Алаш перзентінің өмірі мен қызметіне қатысты тың деректерге тоқталды. Өзге де баяндамашылар ғалымның ғылыми мұрасын жан-жақты саралап, оның ұлттық педагогика ғылымының дамуына қосқан өлшеусіз үлесін, ағартушылық бағыттағы табанды қызметін және қоғамдағы азаматтық ұстанымын кеңінен сөз етті.

Әрине, Әлжановтану тақырыбы әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Тек оның өзі емес, онымен бірге жұмыс істеп, ұлттық ғылымды өрістетуге бірге жұмылған қайраткерлердің еңбектері де ұлығылауға тұрарлық. Солардың қатарында тұңғыш физик-ғалым Ғаділше Аяпбергенов, тұңғыш математик Сәдуақас Боқаев, тіл білімінің негізін салушы Құдайберген Жұбанов, басқа да тұңғыштардың есімін ел білуге тиіс. Қ. Жұбановтың немересі Ардақ Есетқызы Жұбанова және Ғ. Аяпбергеновтің зерттеушісі ретіндегі осы жолдар авторының пікірлері осы бағытта өрбіді. Ол үшін ортақ мақсатқа жұмылдыратын қоғамдық негіздегі ұйым құрылса нұр үстіне нұр болар еді. Әрине, оның бәрі келешектің үлесіндегі жұмыс. Тек бастама жалғасын тапса игі.

**Н. ҚОСШИЕВ, Атырау облыстық «Атырау» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, жазушы.**

# РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

Алғыс айту күніне – Ко Дню благодарности

## Отбасын қолдау орталығы: тұрақтылықтың негізі – берекелі отбасы

*2016 жылғы 1 наурызда, осыдан он жыл бұрын, Қазақстанда жаңа мереке – Алғыс айту күні пайда болды. Бұл мерекенің символы – адам бойындағы ең маңызды қасиеттердің бірі, яғни көрсетілген көмек, қолдау және жақыныңды құтқару үшін ең қымбат нәрсені құрбан етуге дайын болғаны үшін алғыс білдіру.*

*Ауданда ашылған Отбасын қолдау орталығы да – адамдар қолдау іздеп келетін орын. Жұмысының алғашқы күндерінен бастап орталық басшылығы мен ұжымының атына бұландылықтар тарапынан білікті әрі уақытылы көрсетілген көмек үшін алғыс сөздері жиі айтылып келеді.*

*Алғыс айту күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналып, іс-әрекетімізге ізгілік, жүрегімізге қуаныш сыйласын.*

